

**«Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық-дамытушы ортаны құру»
республикалық вебинарын өткізу туралы
АҚПАРАТ**

Ағымдағы жылы 23 қазанында ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2023 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес онлайн форматта ««Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық-дамытушы ортаны құру» республикалық вебинары (бұдан әрі – Вебинар) өткізілді.

Вебинардың мақсаты: ерте жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның тиімділігін, қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету арқылы қолжетімді пәндік-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру.

Вебинар жұмысына құрылымдық бөлімшенің мамандары, мектепке дейінгі білім беру бөлімдерінің басшылары, білім басқармаларының мамандары, облыстық, қалалық, аудандық әдістемелік орталықтардың/ кабинеттердің басшылары мен әдіскерлері, 79 құзыреттілік орталықтардың мамандары қатысты. 500 нүктеге қосылуға рұқсат етілген. Сондықтан аудандық, өңірлік, әдістемелік кабинеттер мен құзыреттілік орталықтарын қамту мүмкіндігі болды.

Вебинар жұмысын ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры Адамова Манара Елекенқызы алғы сөзбен бастады. Өз сөзінде құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың қызметін сапалы ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, қыркүйек айында білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру, барлық балалардың мектепке дейінгі сапалы білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жоспар әзірленіп, қазан айында озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу басталатынына тоқталды.

Балаларды ерте дамыту институты директорының орынбасары Ерманова М.Н., пәндік-дамытушылық білім беру ортасын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға тоқталды.

Қаратал ауданы, Жетісу облысы, «Балбөбек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі М. Ж. Наренбаева мектепке дейінгі ұйымда STEAM-технологияларды қолдану туралы сөз сөйледі.

Жамбыл облысының «Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі А.Ж. Байгонусова топтарда пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның негізгі ұйымдастырылуына назар аударды.

Қызылорда қаласының «Бегім ана» балабақшасының меңгерушісі Жанат Мұханбетқалиева заттық дамытушы ұйымдардағы заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың шығармашылық тәсілі туралы айтып берді.

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының № 4 «Аққу» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ж.К. Баймуханова мектепке дейінгі ұйымдарда пәндік дамыту ортасын құрудың тиімділігі туралы айтып өтті.

Ақмола облысы, Ақмол ауылы, «Жұлдыз» балабақшасының әдіскері, Нысанова Парида Батырхановна мен Павлодар облысы, Павлодар қаласы, № 96 «Радуга» ҮДО» сәбилер бақшасының тәрбиешісі Мария Сергеевна Шуколюкова

мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы орта мен оның балалардың үйлесімді дамуына әсері туралы баяндама жасады.

Вебинар соңында қатысушылар пікір алмасып, ұсыныстар талқыланды. Ақпаратқа вебинардың барлық материалдары қоса беріледі.

<https://youtu.be/h4H9vrU0h8E>

<https://youtu.be/JrqzaS2GwNY>

<https://youtu.be/yCLS0ej41As>

<https://youtu.be/yQoyLZ6WJAY>

<https://youtu.be/pek8iFyUkJs>